

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Манғыстау облысы бойынша департаменті туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының орынбасары – Шекара қызметі директорының 2020 жылғы 10 сәуірдегі № 242-қа бұйрығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының орынбасары – Шекара қызметі директорының 2022 жылғы 16 шілдедегі № 287-қа бұйрығымен

Ескеरту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының орынбасары – Шекара қызметі директорының 16.07.2022 № 287-қа (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданыска енгізіледі) бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 13 наурыздағы № 282 Жарлығының 7-тармағына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 10 желтоқсандағы № 282 Жарлығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі туралы Ережесінің 18-тармағының 9) тармақшасына сәйкес, **БҮЙІРДАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Манғыстау облысы бойынша департаменті туралы ереже бекітілсін.

2. Осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының орынбасары – Шекара қызметі директорының кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі "Шығыс" өнірлік басқармасының бастығы заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің аумақтық органдарында тіркелуін;

2) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелген күнінен бастап он күнтізбелік күн ішінде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Заңнамалық және құқықтық ақпараттар институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдануын;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ресми интернет-ресурсына орналастырылуын;

4) осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің "Батыс" өнірлік басқармасы" Республикалық мемлекеттік мекемесіне қосылу кезінде өз қызметін тоқтатқан заңды тұлғалар Бизнес-сәйкестендіру номірлерінің ұлттық тізілімінен алынып тасталуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

5. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған қунінен кейін он күнтізбелік қун еткен соң қолданысқа енгізіледі.

6. Осы бұйрықпен Шекара қызметінің мүдделі тұлғаларының тиісті бөлігі таныстырылсын.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитеті
Төрағасының орынбасары –
Шекара қызметінің директоры
генерал-майор

Д. Ділманов

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитеті
Төрағасының орынбасары –
Шекара қызметі директорының
2020 жылғы 10 сәуірдегі
№ 242-қа бұйрығымен бекітілді

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті туралы ереже

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті (бұдан әрі – Шекара қызметінің департаменті) Мемлекеттік шекараның тұтастығын және қол сұғылмаушылығын қамтамасыз ету, шекаралық кеңістікте заңдылық пен белгіленген тәртіпті ұстап тұру мақсатында құрлықта, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын (бұдан әрі – Мемлекеттік шекара) қорғауды және құзетуді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің әскери басқарудың жедел органы және аумақтық бөлімшесі болып табылады.

2. Шекара қызметінің департаменті өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының және Қазақстан Республикасы Ұлттық

қауіпсіздік комитеті Төрағасының орынбасары – Шекара қызметі директорының бұйрықтарын, осы ережені, сондай-ақ өзге де нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады.

3. Шекара қызметінің департаменті мемлекеттік тілде нақты және шартты атауы, мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, қазынашылық органдарында есепшоттары бар республикалық мемлекеттік мекеменің ұйымдастырушылық-құқықтық нысанындағы заңды тұлғасы болып табылады.

4. Шекара қызметінің департаменті азаматтық-құқықтық қатынастарға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес түседі.

5. Шекара қызметінің департаменті, егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттілік берілген болса, мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

6. Шекара қызметінің департаменті өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Шекара қызметінің департаменті бастығының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Шекара қызметі департаментінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 2-ші шағын ауданы, 76 ғимарат, индекс 130000.

9. Департаменттің толық атауы – "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Шекара қызметі департаментінің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Департаменттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Шекара қызметінің департаментіне кәсіпкерлік субъектілерімен Шекара қызметі департаментінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Шекара қызметінің департаментіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алғынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2-тaraу. Шекара қызметі департаментінің негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

13. Маңғыстау облысы шегінде Шекара қызметі департаментінің негізгі міндеттері:

1) Мемлекеттік шекара туралы Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарынан және үкіметаралық келісімдерден туындастын міндеттемелерді орындау;

2) Мемлекеттік шекараның өтуін өзгертуге жол бермеу, сондай-ақ Мемлекеттік шекара режимін және өткізу пункттеріндегі режимді бұзушылықтардың алғышарттарын, белгілері мен фактілерін анықтау және олардың жолын кесу жөніндегі іс-шаралар кешенін өткізу;

3) Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес Мемлекеттік шекараны қорғау бойынша іс-шараларды орындау үшін уәкілетті органдардың, ұйымдар мен азаматтардың құштері мен құралдарын тарту;

4) Қазақстан Республикасының қорғанысы мен ұлттық қауіпсіздігі міндеттерін шешуге қатысу;

5) Мемлекеттік шекарада және континенттік қайранда Қазақстан Республикасының экономикалық мұдделерін қорғауға қатысу;

6) континенттік қайраң шегіндегі террористік көріністерге ден қояды;

7) Мемлекеттік шекара режимін және өткізу пункттеріндегі режимді қамтамасыз ету;

8) шекаралық аймақта, аумақтық суларда (теңізде), ішкі суларда және континенттік қайранда белгіленген режимдердің сақталуын дербес немесе уәкілетті органдармен бірлесіп бақылауды жүзеге асыру;

9) шекаралық кеңістікте азаматтарды, табиғи ресурстарды және қоршаған ортаны қорғауда, Қазақстан Республикасы көші-қон заңнамасын сақтауда Қазақстан Республикасының құқық қорғау, табиғатты қорғау органдарына жәрдем көрсету;

10) құрылымдық бөлімшелердің инженерлік-техникалық қамтамасыз етілуін, материалдық-техникалық жабдықталуын ұйымдастыру;

11) Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес айқындалған өзге де міндеттер болып табылады.

14. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte және өзінің құзіреті шегінде Шекара қызметінің департаменті Маңғыстау облысында төмендегідей функцияларды жүзеге асырады:

1) Мемлекеттік шекара туралы Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарынан және үкіметаралық келісімдерінен туындастын міндеттемелерді орындауды қамтамасыз етеді;

2) шекара саясатын іске асырады;

3) әр түрлі жауынгерлік және жедел-қызметтік әзірлікке өтуге Шекара қызметі департаментінің және оның құрылымдық бөлімшелерінің тұрақты әзірлігін қамтамасыз етеді;

- 4) жауынгерлік кезекшілікті және жауынгерлік қызметті атқаруды ұйымдастырады;
- 5) құрылымдық бөлімшелердегі жауынгерлік даярлық сапасын жоғарылатуды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар өткізеді;
- 6) манандарға сыныптық біліктілікті береді, төмендетеді немесе растайды;
- 7) Мемлекеттік шекараны қүзетуге мамандарды даярлау және қолдану әдістерін жетілдіру жөніндегі жұмыстарға қатысады;
- 8) белгіленген тәртіpte мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасауды жүзеге асырады;
- 9) Шекара қызметі департаментінің құрылымдық бөлімшелерінің іс-қимылына басшылықты жүзеге асырады және келісімділігін қамтамасыз етеді, оларға практикалық және әдістемелік көмек көрсетеді;
- 10) Мемлекеттік шекарада тұлғаның, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты мемлекеттік және өзге де бағдарламаларды әзірлеу мен орындауға қатысады;
- 11) ұйымдастыру-штаттық ұсынысты белгіленген тәртіппен енгізеді;
- 12) Шекара қызметі департаментінің тәрбиелік, идеологиялық (патриоттық) және кадрлық жұмыстарды жүзеге асырады;
- 13) әскери тәртіп пен құқықтық тәртіпті нығайту, құқықбұзуышылықты алдын алу, әскери ұжымдарды шоғырландыру, әскери қызметтің қауіпсіздік жағдайларын қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды ұйымдастырады және жүзеге асырады;
- 14) Шекара қызметі департаментінің кадрлары құрамымен әлеуметтік-құқықтық жұмыстарды ұйымдастырады және әскери қызметшілердің, олардың отбасы мүшелерінің әлеуметтік және құқықтық кепілдігін қамтамасыз етеді;
- 15) кадрларды орналастыруды және әскери атақтарды беруді жүзеге асырады, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының орынбасары – Шекара қызметінің директорының қарауына номенклатураға сәйкес лауазымға тағайындау және әскери атақ беру бойынша ұсыныстар енгізеді;
- 16) Шекара қызметінің департаментін жеке құраммен жабдықтауды және жұмысшыларды қабылдауды ұйымдастырады;
- 17) кадрлардың кәсіби даярлығын ұйымдастырады және оның жүргізілу сапасына бақылауды жүзеге асырады;
- 18) Шекара қызметі департаментінің құрылымдық бөлімшелерін пәтерге орналастыруды қоса алғанда, жоспарлауды және жауынгерлік, техникалық, тылдық, қаржылық, кадрлық, ақпараттық, медициналық және басқа да қамтамасыз ету түрлерін жүзеге асырады;
- 19) бюджеттік қаражатты мақсатты пайдалануды қамтамасыз етеді;

20) Шекара қызметі департаменті және оның құрылымдық бөлімшелері объектілерінің өртке қарсы қорғалуын қамтамасыз ету жөнінде шараларды өзірлейді және қабылдайды;

21) Қазақстан Республикасының заңнамаларында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

15. Құқықтары мен міндеттері.

Шекара қызметінің департаменті өзінің құзіреттілігі шегінде:

1) Мемлекеттік шекарадан өтуді өзгертудің, Қазақстан Республикасының аумағын игерудің кез келген әрекеттерінің жолын кесуге;

2) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің аумактық органдарымен бірлесіп Мемлекеттік шекараны құзетуді жедел қамтамасыз ету бойынша жыл сайынғы өкімді өзірлеуге;

3) Мемлекеттік шекараны құзетуді жедел қамтамасыз етудің мақсаттарына жету үшін жағдайларын жасауға, қолдауға және дамытуға;

4) Мемлекеттік шекараны құзетуді жедел қамтамасыз ету саласында қарсыбарлау, барлау, жедел-іздестіру қызметін ұйымдастыруға және жүзеге асыруға;

5) Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес жеке қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шаралар қабылдауға;

6) өз құзіреті шегінде Қазақстан Республикасының қорғанысы бойынша міндеттерді шешуге, сондай-ақ төтенше немесе әскери жағдай режимдерін қамтамасыз етуге қатысуға;

7) Қазақстан Республикасының терроризмге қарсы құрес саласындағы заңнамалар талаптарын орындауға қатысуға. Терроризмге қарсы құрес жөніндегі теңіздік жедел штаб басшысының Шекара қызметі департаментінің бастығы болып табылады;

8) Қазақстан Республикасының аумағына қарумен басып кіруге тойтарыс беруге, Мемлекеттік шекарада қарумен жасалатын және өзге де арандатушылықтардың жолын кесуге, халықты, мемлекеттік және жеке меншікті аталған қылмыстық қол сұғушылықтардан қорғауға;

9) адамдардың және көлік құралдарының белгіленген өткізу пункттерінен немесе Мемлекеттік шекара арқылы өткізу жүзеге асырылатын өзге де орындардан тыс жерде Мемлекеттік шекараны кесіп өту, сондай-ақ өткізу пункттерінде немесе Мемлекеттік шекара арқылы өткізу жүзеге асырылатын өзге де орындарда заңсыз кесіп өту әрекеттерінің алдын алуға және жолын кесуге, Мемлекеттік шекараны бұзушыларды және шекаралық кеңістікте өзге де құқық бұзушыларды анықтауға және ұстауға;

10) тиісінше ресімделген құжаттар болған кезде және белгіленген бақылау түрлерінен өткен кезде адамдарды, көлік құралдарын, жүктөр мен тауарларды өткізуді белгіленген тәртіппен жүзеге асыруға;

11) төмендегідей мәселелер бойынша Мемлекеттік шекара режимінің сақталуын қамтамасыз етуге:

Мемлекеттік шекараны (Каспий теңізіндегі Мемлекеттік шекара участесін қоспағанда) күтіп ұстай;

Мемлекеттік шекараны кесіп өту;

Мемлекеттік шекара арқылы адамдарды, көлік құралдарын, жүктөр мен тауарларды өткізу;

шекаралық белдеуге кіру, онда уақытша болу, тұру, жүріп-тұру және шекаралық белдеудің үстінен ұшуды жүзеге асыру;

шаруашылық, кәсіпшілік немесе өзге де қызметті жүргізу, қоғамдық-саяси, мәдени немесе өзге де іс-шараларды жүргізу;

шекарадағы тосын оқиғаларды шешу;

Төмендегі мәселе бойынша өткізу пункттері режимінің сақталуын қамтамасыз етуге:

өткізу пункттеріне кіру, онда уақытша болу, жүріп-тұру және шығу, олардың шінде адамдарды, көлік құралдарын, кіргізу, болу, ауыстыру, жүктөр мен тауарларды шығару тәртібі;

төмендегі мәселе бойынша шекара режимінің сақталуын қамтамасыз етуге;

шекаралық аймақта кірудің, онда уақытша болудың, тұрудың немесе орын ауыстырудың, қоғамдық-саяси, мәдени немесе өзге де іс-шараларды өткізудің тәртібі;

төмендегі мәселе бойынша аумақтық сулар (теңіз) және ішкі сулар режимінің сақталуын қамтамасыз етуге;

аумақтық суларда (теңізде) және ішкі суларда қазақстандық шағын көлемді өздігінен жүзетін және өздігінен жүзбейтін (суусті және суасты) кемелерді (құралдарды) және мұз үстімен жылжитын құралдарды есепке алу, күтіп-ұстай, олардың орналасу пункттерінен шығу және орналасу пункттеріне қайтып оралу, суда болу;

қазақстандық кемелердің, шетелдік кемелер мен әскери корабльдердің, мұз үстімен жылжитын құралдардың аумақтық суларда (теңізде) және ішкі суларда жүзу (пайдаланылу);

аумақтық суларда (теңізде) және ішкі суларда кәсіпшілік, зерттеу, іздестіру немесе өзге де қызметті, оның ішінде континенттік қайраңын табиғи минералды және жанды ресурстарын сақтауға бағытталған қызметті жүргізу;

12) шекаралық режимнің, аумақтық сулар (теңіз), ішкі сулар режимінің, континенттік қайраң режимінің сақталуын дербес немесе үәкілетті органдармен

бірлесіп бақылауға, шекаралық аймаққа кіretін орындарда бақылау бекеттерінің қызметін ұйымдастыруға;

13) өз құзыреті шегінде құқық бұзушылықтардың профилактикасын жүзеге асыруға;

14) Мемлекеттік шекара арқылы жүретін адамдардың Қазақстан Республикасына кіруге немесе Қазақстан Республикасынан шығуға құқық беретін құжаттарын тексеруге, оларға тиісті белгілер соғуға, мұндай құжаттарды уақытша алып қоюға, сондай-ақ жарамсыз құжаттарды алып қоюға;

15) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасына кіруге рұқсат етілмеген шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың, сондай-ақ айыппұл салу туралы сот шешімдерін және уәкілетті органдардың қаулыларын Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген мерзімде орындаған шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың кіруін шектеуге;

16) шетелде немесе Қазақстан Республикасында болған кезеңде жеке басын куәландыратын құжаттарын жоғалтқан Қазақстан Республикасының азаматтары мен өзге де адамдардың жеке басы анықталғанға дейін оларды өткізу пункттерінде және Мемлекеттік шекара арқылы өткізу жүзеге асырылатын өзге де орындарда қалдыра отырып, өткізбеуге;

17) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес адамдарды ұстауды және жеке тексеріп қарауды жүзеге асыруға;

18) шекаралық кеңістікте белгіленген режимдерді бұзуға жол берген көлік құралдарын тоқтатуға, қарап тексеруге және ұстауға, құқық бұзушылық мән-жайларын анықтау үшін оларды Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі бөлімшелерінің қарауына жеткізуге (айдауылмен жеткізуге);

19) Қазақстан Республикасына әкелуге немесе Қазақстан Республикасынан әкетуге тыйым салынған, Мемлекеттік шекара арқылы өткізілетін жарылғыш, уландырғыш, радиоактивті, есірткі заттарды, қаруды, оқ-дәрілерді, өзге де жүктөр мен тауарларды, сондай-ақ контрабандалық жолмен өткізілетін жүктөр мен тауарларды белгіленген тәртіппен дербес немесе уәкілетті органдармен бірлесіп ұстауға және алып қоюға;

20) шекаралық кеңістікте азаматтарды, табиғи ресурстарды және қоршаған ортаны қорғауда Қазақстан Республикасының құқық қорғау және табиғат қорғау органдарына жәрдем көрсетуге;

21) Мемлекеттік шекарадан су астындағы орта арқылы кесіп өтуге бақылауды жүзеге асыруға;

22) Мемлекеттік шекараны заңсыз кесіп өту қатері туындаған кезде немесе заңсыз кесіп өту кезінде Қазақстан Республикасының аумақтық суларында (

теңізінде) және ішкі суларында, сондай-ақ олардың шегінен тыс жерлерде шет мемлекеттердің шекарасына дейінгі суларда су астындағы объектілерді танып айыру (жіктеу) үшін өздерінде бар құралдарды пайдалануға;

23) Мемлекеттік шекараны қорғау мұддесінде су астындағы ортада қайыққа қарсы және диверсияға қарсы іс-шараларды жүзеге асыруға;

24) шекаралық кеңістікте байланыс және коммуникациялар желісін сақтауды қамтамасыз етуге;

25) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқықбұзушылық туралы заңнамасына сәйкес Шекара қызметінің қарауына жатқызылған әкімшілік құқықбұзушылық істер бойынша хаттамалар жасауға және іс жүргізуға;

26) Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу заңнамасына сәйкес Шекара қызметінің қарауына жатқызылған істер бойынша анықтау жүргізуға;

27) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

Шекара қызметінің департаменті жүктелген міндеттерді шешу және функцияларды орындау үшін заңнамада белгіленген тәртіpte:

1) қажетті инженерлік-техникалық құралдарды, құрылыштар мен бөгөуіштерді салуға және орнатуға;

2) Мемлекеттік шекараны межелеуге, шегендеуге және қайта шегендеуге, шектес мемлекеттермен Мемлекеттік шекара режимін белгілеу мақсатында қажетті құжаттар мен материалдарды әзірлеуге қатысуға;

3) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары негізінде шет мемлекеттердің шекаралық органдарымен Мемлекеттік шекараны қорғауда өзара іс-қимылды жүзеге асыруға;

4) құрылымдық бөлімшелердің шекара өкілдері қызметіне басшылықты жүзеге асыруға;

5) Мемлекеттік шекараны қорғауға қатысатын немесе Мемлекеттік шекараны қорғау мұдделерін қозғайтын қызметті жүзеге асыратын өз күштері мен уәкілетті тұлғалардың өзара іс-қимыл жасауын ұйымдастыруға;

6) өзінің құзіреті шегінде мемлекеттік органдарға, қоғамдық бірлестіктерге, ұйымдарға шекаралық кеңістікте құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік қызметі Шекара қызметінің іс-әрекетіне кедергі келтіретін себептер мен жағдайларды жою туралы орындалуы міндетті ұсынуларды енгізуға;

7) кез келген жергілікті жер участекерінде, оның ішінде ерекше қорғалатын аумақтарда және табиғат қорғау аймақтарында болуға (шекаралық нарядтарды орналастыруға), сондай-ақ қызметтік міндеттерді атқару кезінде олар арқылы жүріп-тұруға, жер участекерінің меншік иелерінен (жалға алушылардан) шекаралық нарядтардың жүріп-тұруына арналған орындарды бөлуді,

қоршалымдар арқылы өтетін немесе өзге де кедергілер арқылы өтетін жерлерді жабдықтауды және тиісті түрде күтіп-ұстауды талап етуге;

8) Шекара қызметі департаменті жауапты белдеуінде байланыс және коммуникация желілерін пайдалануға, техника мен қару-жарақты орналастыруға және пайдалануға;

9) міндеттерді орындау үшін уәкілетті органдардан, ұйымдардан және қоғамдық бірлестіктерден қажетті ақпаратты сұратуға және өтеусіз алуға;

10) Мемлекеттік шекараны қорғау саласындағы міндеттерді шешуге азаматтарды ерікті жасақтар құрамында, Шекара қызметінің штаттан тыс қызметкерлері ретінде және өзге де нысандарда ерікті негізде тартуға, Мемлекеттік шекараны қорғау кезінде көзге түскен азаматтарды көтермелегенде және қойылатын талаптарға сай келетін адамдарды арнаулы әскери оқу орындарына тұсу үшін ұсыным жасауға;

11) Қазақстан Республикасының халқына құқықтық тәрбие беруге қатысуға, шекаралық қеңістікте құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған профилактикалық шараларды жүргізуғе, құқық бұзушылықтар, құқық бұзушыларды іздестіру туралы халықты хабарландыру үшін және өзге де мақсаттарда бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалануға;

12) "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қару-жарақ пен әскери техникины, арнайы құралдарды, қызметтік жануарларды және дене күшін қолдануға;

13) шекаралық қеңістікте жасалған немесе дайындалып жатқан құқық бұзушылықтар туралы мәлімдемелерді немесе хабарламаларды қарауға, оларды тіркеуге және олар бойынша тиісті шаралар қолдануға;

14) Мемлекеттік шекараны қорғау жөніндегі міндеттерді орындауды қамтамасыз ететін мамандандырылған есепке алушы және ақпараттық жүйелерді құруға және пайдалануға;

15) Мемлекеттік шекараны қорғау және күзету саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін енгізуі қамтамасыз етуге;

16) Мемлекеттік шекараны қорғауға қатысатын әскери қызметшілердің киім нысаны мен жарақтарды айқындауға;

17) мемлекеттік бақылау органдарымен бірлесіп, Мемлекеттік шекара арқылы еткізілетін көлік құралдарын, жүктөр мен тауарларды белгіленген тәртіппен жете қарауды жүзеге асыруға;

18) көлік құралдарымен ілесіп жүргуге және оларда шекаралық нарядтарды орналастыруға;

19) құқық бұзушылардың ізіне тұсу кезінде азаматтардың тұрғын және тұрғын емес үй-жайларына, ұйымдардың аумақтары мен үй-жайларына кедергісіз (қажет болғанда жабатын құрылғыларды істен шығара отырып)

тәуліктің кез келген уақытында кіруге, сондай-ақ (жиырма төрт сағат ішінде тиісті прокурорды кейіннен хабардар ете отырып) оларды қарап тексеруге;

20) шекаралық іздеулер мен операцияларды, өзге де іздестіру іс-әрекеттерін жүргізу кезінде бақылау бекеттерін өз бетінше орнатуға, адамдар мен көлік құралдарының қозғалысын уақытша шектеуге немесе оған тыйым салуға, азаматтарды жергілікті жердің жекелеген участекелеріне жібермеуге, адамдардың өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында олардың сонда қалуын немесе осы участекелерді тастап шығуын міндеттеуге;

21) Қазақстан Республикасының қауіпсіздігіне қатер төнген кезде Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы және өзге де уәкілетті органдарын хабардар ете отырып, қорғаныс мақсатындағы жұмыстарды, халықаралық міндеттемелерді орындау мен табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде туындаған салдарларды жоюға байланысты жұмыстарды қоспағанда, шекаралық белдеуде әртүрлі жұмыстарды жүргізуді уақытша шектеуге;

22) қызметтік мақсаттарда коммуникация және байланыс құралдарын, ал Қазақстан Республикасының аумағына қарулы басып кіруге тойтарыс берген, Мемлекеттік шекара дағы заңсыз жаппай өтуге және өзге де арандатуларға кедергі келтірген, іздестіру іс-шараларын жүргізген, құқық бұзушылықтарды жасады деп күдік келтірілген адамдарды жеткізген кезде, ұйымдардың көлік құралдарын, ал қажет болған жағдайларда – Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен иелерінің талаптары бойынша кейіннен оларға шығындарды не келтірілген залалды өтей отырып, азаматтардың көлік құралдарын пайдалануға;

23) Мемлекеттік шекараны кесіп өту, аумақтық суларда (теңізде) және ішкі суларда жүзу кезінде немесе кемелер қазақстандық порттарда тұрған уақытта құқық бұзушылықтарға жол берген шетелдік әскери емес кемелер экипаждары мүшелерінің және оларда болған өзге де адамдардың жағаға шығуына және жағада болуына тыйым салуға;

24) азаматтардан Мемлекеттік шекара да белгіленген тәртіпті сақтауды, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің іс-әрекетіне кедергі келтіретін құқыққа қайши әрекеттерді тоқтатуды талап етуге, бұл талаптарды орындаған жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тиісті шараларды қолдануға;

25) шекаралық кеңістікте белгіленген режимді бұзушыларды Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің әкімшілік ұстауға алынған адамдарды ұстау үшін арнайы жабдықталған үй-жайларында ұстауға;

26) Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу заңнамасына сәйкес әкімшілік ұстауға алынған адамдарды тергеу изоляторларында, уақытша ұстау

изоляторларында және ұстай үшін арнайы жабдықталған үй-жайларда орналастыруға;

27) шекаралық кеңістікте белгіленген режимдерді бұзудың өздеріне белгілі болған мән-жайлары туралы түсініктемелер алу мақсатында адамдарды аумақтық бөлімшелерге шақыруға;

28) өткізу пункттерінің балансында тұрған инженерлік-техникалық құрылыштарды, бөгеуіштерді, коммуникацияларды күтіп-ұстайды жүзеге асыруға, сондай-ақ пайдаланылатын жабдықтың пайдаланылуы мен сақталуын қамтамасыз етуге;

29) мемлекеттік кірістер органдары жоқ өткізу пункттерінде және Мемлекеттік шекара арқылы өткізу жүзеге асырылатын өзге де орындарда радиациялық бақылаудың техникалық құралдарын пайдалана отырып, автоматты немесе қолмен тексеру режимінде радиациялық бақылауды жүзеге асыруға;

30) құрамында радиоактивті заттар бар инспекциялық-тексеріп қарau кешендерінің пайдаланылуын ұйымдастыруды, сондай-ақ құрамында радиоактивті заттар бар немесе иондаушы сәуле өндірілетін радиоактивті заттармен, аспаптармен немесе аппаратурамен жұмыс істеген кезде ұлттық қауіпсіздік органдарында радиациялық қауіпсіздікті бақылауды жүзеге асыруға;

31) бұдан басқа, аумақтық суларда (теңізде) және ішкі суларда, шекаралық өзендер, көлдер және өзге де су айдындары суларының қазақстандық бөлігінде қазақстандық және шетелдік (суусті және суасты) кемелерге, мұз үстімен жылжитын құралдарға қатысты:

егер кеме сұрау салу белгілеріне жауап бермесе, жүзуге тыйым салынған ауданда болса, Қазақстан Республикасының суларына кіру, онда жүзу және болу тәртібін бұзса, оны тоқтатуға және қарап тексеру жүргізуге құқығы бар. Кемені қарап тексеру кеме және навигация құжаттарын, экипаж мүшелері мен жолаушылардың құжаттарын, жүктөрge арналған құжаттарды, қажет болған жағдайда кеменің жайларын да тексеруді қамтиды. Кемені қарап тексеру нәтижелері бойынша оған, белгіленген қағидаларды сақтай отырып, Қазақстан Республикасының суларында жүзуді (болуды) жалғастыруға рұқсат етілуі немесе Қазақстан Республикасының суларын тастап шығу ұсынылуы мүмкін немесе ол Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу немесе әкімшілік заңнамаларына сәйкес ұсталуы мүмкін;

егер Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қылмыстық немесе әкімшілік жауаптылыққа тартуға жататын адамдарды ұстая, осы адамдарды анықтау және тергеу органдарына немесе тиісті органдарға тапсыруға; егер тоқтау туралы көзге көрінетін немесе дыбыстық белгіні (олардың осы белгіні көрүі немесе естуі мүмкін болатындей ара қашықтықтан) бергеннен кейін ізге

түсү Қазақстан Республикасының суларында басталса және үздіксіз жүргізілсе, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын немесе заңнамасын бұзған кемелер (мұз үстімен жылжитын құралдар) өз елінің немесе үшінші мемлекеттің аумақтық суларына кіргенге дейін аумақтық сулар (теңіз) шегінен тыс суларда олардың ізіне түсуге және оларды ұстауға құқығы бар;

32) аумақтық суларда (теңізде) және ішкі суларда су астындағы ортаның жағдайын анықтау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен басқа да уәкілетті органдардың құштері мен құралдарын тартуға;

33) аумақтық суларда (теңізде) және ішкі суларда су астындағы объектілер табылған кезде бұл суларға кіру мақсаты туралы сұрау салу жүргізуге, бағытын езгертуді талап етуге, оларға су астындағы жағдайдан шыфуды, өз туын көрсетуді ұсынуға, тоқтатуға және оларды қарап тексеру жүргізуге, табылған су астындағы объектілер іс-әрекеттерінің алдын алу немесе оларды тоқтату бойынша өзге де шараларды қолдануға;

34) егер Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында өзгеше көзделмесе, суасты ортасында Мемлекеттік шекараны құзету кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қылмыстық немесе әкімшілік жауаптылыққа тартылуға жататын адамдарды ұстауға, осы адамдарды анықтау және тергеу органдарына немесе тиісті органдарға беруге;

35) аумақтық суларда (теңізде) және ішкі суларда Мемлекеттік шекараны кесіп өтудің және (немесе) жүзудің белгіленген тәртібін бұзған су астындағы құралдарды ұстауға, құқық бұзушылықтың мән-жайларын анықтау үшін оларды Қазақстан Республикасының порттарына, өзге де орындарға жеткізуғе (айдауылмен алып жүргүре), осы құралдарды анықтау және тергеу органдарына беруге;

36) Қазақстан Республикасының заңнамаларында көзделген өзге де уәкілеттікті жүзеге асыруға құқығы бар.

3-тaraу. Шекара қызметі департаментінің қызметін ұйымдастыру

16. Шекара қызметі департаментінің қызметіне басшылық жасауды Шекара қызметінің департаментіне жүктелген міндеттер мен олардың өздерінің функцияларын жүзеге асыруды орындау үшін дербес жауапкершілігі бар Шекара қызметі Департаментінің бастығы жүзеге асырады.

17. Шекара қызметі департаментінің бастығы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

18. Шекара қызметі департаменті бастығының Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің нормативтік – құқықтық актілерінің талаптарына

сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары болады.

19. Шекара қызметі департаменті бастығының өкілеттілігі:

1) Шекара қызметі департаментінің барлық жеке құрамының орындаулары үшін міндettі белгіленген тәртіпте бұйрықтар шығару және нұсқаулар беру;

2) Шекара қызметі департаментінің құрылымдық бөлімшелері туралы ережені бекіту;

3) Шекара қызметі департаментінің әскери қызметшілерінің және құрылымдық бөлімшелердің басшыларының лауазымдық нұсқаулықтарын бекіту;

4) Қазақстан Республикасының басқа да мемлекеттік органдарымен сондай-ақ шет мемлекеттердің органдарымен өзара қарым-қатынаста болу және Шекара қызметі департаментін ұсыну, Шекара қызметі департаментінің мұдделерін сот және өзге де мемлекеттік органдарда өкілдік ету үшін сенімхаттарға қол қою, келісімдер мен келісімшарттар жасау;

5) Қазақстан Республикасы заңнамаларына сәйкес Мемлекеттік шекарада, шекаралық кеңістікте немесе шекаралық белдеуде жүзеге асырылатын әрекеттерге шектеу қою немесе тоқтата тұру туралы шешім қабылдау;

6) Шекара қызметі департаментінің құрылымдық бөлімшелерін құру, тарату, қайта орналастыру және қайта құру, сондай-ақ оның құрылымы мен штаты жөнінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының орынбасары – Шекара қызметінің директорына ұсыныс әзірлеу;

7) өзінің құзіреті шегінде Шекара қызметінің департаментіне әскери қызметшілерді әскери қызметке қабылдау және әскери қызметтен шығару, лауазымға тағайындау және лауазымнан босату;

8) Шекара қызметі департаментінің әскери қызметшілері мен жұмысшыларын белгіленген тәртіпте көтермеледеу, материалдық көмек көрсету және тәртіптік жазаларды беру, сондай-ақ номенклатураға сәйкес кезекті әскери атақты беруді шешу;

9) Шекара қызметі департаментінің әскери қызметшілері мен жұмысшыларына, белгіленген тәртіппен әскери атақтарды беруге, сондай-ақ Мемлекеттік шекараны қорғауға қатысқан адамдарды ведомствалық наградаға ұсынуға үміткерлер жөнінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының орынбасары – Шекара қызметінің директорына ұсыныс енгізу;

10) Шекара қызметі департаментінің құрылымдық бөлімшелерінің жедел-қызметтік, жауынгерлік, әскери-техникалық, әкімшілік-құқықтық, қылмыстық-процестік, шекара өкілдігі және өзге де қызметін тексеруді жүргізу;

11) Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

Шекара қызметі департаменті бастығының өкілеттігін орындауды ол болмаған кезде, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес оны ауыстыратын адам жүзеге асырады.

20. Шекара қызметі департаментінің бастығы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес өзінің орынбасарларының өкілеттігін айқындайды.

4-тaraу. Шекара қызметі департаментінің мүлкі

21. Шекара қызметінің департаменті заңнамаларда көзделген жағдайда жедел басқару құқығында оқшауланған мүліктеге ие болуы мүмкін.

22. Шекара қызметі департаментінің мүліктегі оған меншік иесі арқылы берілген мүліктерден, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамаларында тыйым салынбаған жеке қызметі және өзге де дереккөздер арқылы сатып алынған мүліктерден (ақшалай кірістерді қосқанда) құралады.

Шекара қызметінің департаментіне бекітілген мүліктегі республикалық меншікке жатады.

23. Шекара қызметінің департаменті өзіне бекітілген мүліктерді және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленбесе өзгедей басқа тәсілмен иемденуге құқығы жоқ.

5-тaraу. Шекара қызметінің департаментін қайта құру және тарату

24. Шекара қызметінің департаментін қайта құру мен тарату Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Шекара қызметінің департаменті өскери басқарудың тактикалық органдары болып табылатын, басқармалардан, шекара басқармаларынан, шекаралық бақылау басқармаларынан, материалдық-техникалық жабдықтау, инженерлік-техникалық қамтамасыз ету бөлімдерінен (бөлімшелерінен), шекара бөлімдерінен (бөлімшелерінен), шекаралық бақылау бөлімдерінен (бөлімшелерінен), арнайы мақсаттағы мобиЛЬДІ іс – қимыл жасайтын топтардан, бөлімдерден (бөлімшелерден), катерлер бөлімдерінен (бөлімшелерінен) және өзге де бөлімшелерден тұрады.

Шекара қызметі департаментінің қарамағындағы құрылымдық бөлімшелердің тізімі:

1) Шекара қызметі департаментінің Қарақия ауданы бойынша Шекара басқармасы, табылатын орны (орналасқан жері) – Манғыстау облысы, Ақтау қаласы, №7 өндірістік аумақ, №4 участке, индексі 130000;

2) Шекара қызметі департаментінің Бейнеу ауданы бойынша Шекара басқармасы, табылатын орны (орналасқан жері) – Манғыстау облысы, Бейнеу ауданы, Бейнеу ауылы, №1 аумақ, №89 құрылым, индексі 130100;

3) Шекара қызметі департаментінің Ақтау жағалау күзеті дивизионы, табылатын орны (орналасқан жері) - Манғыстау облысы, Ақтау қаласы, №7 өндірістік аумақ, №28 участке, индексі 130007;

4) Шекара қызметі департаментінің Баутино жағалау күзеті дивизионы, табылатын орны (орналасқан жері) - Манғыстау облысы, Тұпқараған ауданы, Форт – Шевченко қаласы, Баутино ауылы, Мұнайшы көшесі №11 үй, индексі 130502;

5) Шекара қызметі департаментінің Атырау жағалау күзеті дивизионы табылатын орны (орналасқан жері) – Атырау облысы, Атырау қаласы, Дамба ауылы, Амангелді көшесі №2 үй, индексі 060017;

6) Шекара қызметі департаментінің Материалдық – техникалық қамтамасыз ету бөлімі, табылатын орны (орналасқан жері) – Манғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Манғыстау ауылы, №1 өндірістік аумақ, №14 құрылым, индексі 130006.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитеті
Төрағасының орынбасары –
Шекара қызметі директорының
2020 жылғы 10 сәуірдегі
№ 242-қа бүйрекшіна 1-қосымша

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының орынбасары – Шекара қызметі директорының күші жойылды деп танылуға тиіс кейбір бүйрекшілерге тізбесі

1. "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі "Жағалау күзеті" Өнірлік басқармасы" Республикалық мемлекеттік мекемесінің Жарғысын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының орынбасары – Шекара қызметі директорының 2015 жылғы 10 қыркүйектегі № 569-қа бүйрекші.

2. "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің "2015 "А" әскери бөлімі" Республикалық мемлекеттік мекемесінің Жарғысын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының орынбасары – Шекара қызметі директорының 2015 жылғы 21 тамыздағы № 528-қа бүйрекші.

3. "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің "2018 әскери бөлімі" Республикалық мемлекеттік мекемесінің Жарғысын бекіту

туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының орынбасары – Шекара қызметі директорының 2015 жылғы 10 қыркүйектегі № 570-қа бұйрығы.

4. "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің "2025 әскери бөлімі" Республикалық мемлекеттік мекемесінің Жарғысын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының орынбасары – Шекара қызметі директорының 2016 жылғы 28 сәуірдегі № 280-қа бұйрығы.

5. "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің "2087 әскери бөлімі" Республикалық мемлекеттік мекемесінің Жарғысын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының орынбасары – Шекара қызметі директорының 2015 жылғы 21 тамыздағы № 526-қа бұйрығы.

6. "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің "2201 "А" әскери бөлімі" Республикалық мемлекеттік мекемесінің Жарғысын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының орынбасары – Шекара қызметі директорының 2015 жылғы 10 қыркүйектегі № 572-қа бұйрығы.

7. "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің "2201 "Б" әскери бөлімі" Республикалық мемлекеттік мекемесінің Жарғысын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының орынбасары – Шекара қызметі директорының 2015 жылғы 10 қыркүйектегі № 571-қа бұйрығы.

8. "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің "2201 "Г" әскери бөлімі" Республикалық мемлекеттік мекемесінің Жарғысын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының орынбасары – Шекара қызметі директорының 2015 жылғы 10 қыркүйектегі № 568-қа бұйрығы.

9. "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі "Батыс" Өнірлік басқармасы" Республикалық мемлекеттік мекемесінің Жарғысын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының орынбасары – Шекара қызметі директорының 2015 жылғы 21 тамыздағы № 525-қа бұйрығы.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитеті
Төрағасының орынбасары –
Шекара қызметі директорының
2020 жылғы 10 сәуірдегі
№ 242-қа бұйрығына 2-қосымша

"Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің "Батыс" өнірлік басқармасы" Республикалық мемлекеттік мекемесіне қосылу кезінде өз қызметін тоқтатқан заңды тұлғалардың Бизнес-сәйкестендіру номірлерінің ұлттық тізілімінен алынып тасталуы тиіс тізбесі

1. "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі "Жағалау күзеті" Өнірлік басқармасы" Республикалық мемлекеттік мекемесінің Бизнес-сәйкестендіру номірі 000440006300.

2. "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің "2015 "А" әскери бөлімі" Республикалық мемлекеттік мекемесінің Бизнес-сәйкестендіру номірі 080540011473.

3. "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің "2018 әскери бөлімі" Республикалық мемлекеттік мекемесінің Бизнес-сәйкестендіру номірі 000340007126.

4. "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің "2025 әскери бөлімі" Республикалық мемлекеттік мекемесінің Бизнес-сәйкестендіру номірі 010940009641.

5. "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің "2087 әскери бөлімі" Республикалық мемлекеттік мекемесінің Бизнес-сәйкестендіру номірі 041140013193.

6. "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің "2201 "А" әскери бөлімі" Республикалық мемлекеттік мекемесінің Бизнес-сәйкестендіру номірі 100540009507.

7. "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің "2201 "Б" әскери бөлімі" Республикалық мемлекеттік мекемесінің Бизнес-сәйкестендіру номірі 000740005184.

8. "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің "2201 "Г" әскери бөлімі" Республикалық мемлекеттік мекемесінің Бизнес-сәйкестендіру номірі 090740014269.